



БҰЙРЫҚ

«18» 10.01.2023

ПРИКАЗ

№ 18

Мектепке дейінгі ұйымдарда  
консультативтік пункт ашу туралы

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мектепке дейінгі білім берудің қолжетімділігін, отбасылық және қоғамдық тәрбиенің бірлігі мен сабақтастығын қамтамасыз ету, мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелеп отырған ата-аналардың (занды өкілдердің), оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс жасау құзыреттілігін арттыру мақсатында ата-аналарға арналған консультативтік пункт ұйымдастыруды  
**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналарға арналған кеңес беру пункттері 2023 жылдың 10 қаңтарынан ашылсын;
2. Әрбір мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы кеңес беру пункттерінің тиісті түрде жұмыс жасауын балабақша меңгерушісі қамтамасыз етсін;
3. Кеңес беру пункттерінің жұмысы берілген ұсыныстарға сәйкес жүргізілсін (Қосымша 1);
4. Кеңес беру пункттерінің жұмысы берілген ұсыныстарға сәйкес жүргізілуін қадағалау Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» басшысының міндетін атқарушысына (С. Дауешова) жүктелсін.
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басшының орынбасары С. Адылбаевқа жүктелсін.

Басшы

Қ. Сенғазыев

0000607

Бекітемін

№69 «Еркем-ай» балабақшасының  
менгерушісі

М.К.Ахметова

« 10 » 01 \* 604 \* 2023ж

130240022717

## Ата – аналарға арналған кеңес беру пунктін құру жөніндегі Нұсқаулық

### 1. Жалпы ережелер.

1.1 Осы ереже № 69 «Еркем-ай» балабақшасы МКҚК ата-аналарға арналған кеңес беру пунктіннің жұмысының уақытын реттейді.

Мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын балалардың ата-аналарына әдістемелік, педагогикалық, консультациялық көмек көрсету жөніндегі кеңес беру пункт (бұдан әрі – Пункт) құру және жұмыс істеу тәртібін айқындайды.

1.2 Пункт балабақшаға бармайтын балалардың ата-аналары үшін құрылады.

1.3 Тармақ мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын іске асыратын балабақшаның құрылымдық бірлігі болып табылады.

### 2. Мақсаттары мен міндеттері

2.1 Мақсаты - мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеп отырған, мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелеп отырған отбасыларға, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналарға (заңды өкілдерге) әдістемелік және кеңес беру көмек көрсету. Мектепке дейінгі білім берудің (бұдан әрі - мектепке дейінгі) қолжетімділігін, қала аумағында отбасылық және қоғамдық тәрбиенің бірлігі мен сабақтастығын қамтамасыз ету мақсатында құрылады.

Тапсырмалар:

ата-аналарға (заңды өкілдерге) кеңес беру, көмек көрсету және баланы тәрбиелеу, оқыту және дамыту мәселелерінде олардың психологиялық-педагогикалық күзіреттілігін арттыру;

мектеп жасына дейінгі балалардың дамуындағы мәселені анықтау, диагностикалау; мектепке дейінгі жастағы балалардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне) көмек көрсету; ата-аналарға (заңды өкілдеріне) балаға оның жеке ерекшеліктеріне сәйкес білікті көмек көрсететін білім беру жүйесінің ұйымдар туралы хабарлау.

### 3. Кеңес беру пунктіннің қызметін ұйымдастыру

3.1. Мектепке дейінгі ұйым базасында кеңес беру пунктін қала білім басқармасының бұйрығы негізінде балабақша менгерушісінің ішкі бұйрығымен өрт қауіпсіздігі ережелері қажетті түрде сақталған жағдайда ашылады. Қауіпсіздік техникасы, санитарлық-гигиеналық нормалар, кадрлық қамтамасыз ету, қажетті бағдарламалық – әдістемелік материалдар мектепке дейінгі ұйымның жарғысында көрсетіледі.

3.2. Кеңес беру пунктін МДҰ менгерушісінің бұйрығымен бекітілген жұмыс кестесіне сәйкес жұмыс істейді.

3.3. Ата-аналармен (заңды өкілдеріне) тікелей жұмысты кеңес беру пункт мамандары (педагог – логопед, педагог–дефектолог, педагог – психолог, тәрбиешілер, музыка жетекшісі, дене шынықтыру нұсқаушысы, әдіскер және штат кестесіне сәйкес басқа да қызметкерлер) жүзеге асыра алады.

3.4 Мамандар өз тарапынан ата-аналарға (заңды өкілдеріне) ұсыныстар береді және оларға өз құзыреті шеңберінде кеңес береді. Көмек тегін беріледі. Ата-аналар (заңды өкілдеріне) бірінші рет жүгінген кезде кеңес ала алады немесе мектепке дейінгі ұйымның нақты қызметкерімен кездесуге келісе алады.

3.5. Ауызша кеңес беруден басқа, ата-ана (заңды өкіл) пайдалы ақпаратты баспа түрінде (буклеттер, жадынамалар, практикалық материалдар жинағы) және электрондық тасымалдағыштарда (фото және бейне материалдар, флэш-карталар, балабақша сайтына кіру) ала алады.

3.6. Кеңес беру пунктінің мамандарының жұмыс уақытын балабақшаның күн тәртібіне сүйене отырып, меңгеруші айқындайды.

3.7. Ата-аналармен (заңды өкілдермен) жұмысты ұйымдастырудың негізгі нысандары:

- \* жеке және топтық кеңестер;
- \* семинар-практикумдар;
- \* дөңгелек үстелдер;
- \* мәлімделген мәселе бойынша тақырыптық іс-әрекеттер;
- \* пікір таластар; тренингтер;
- \* ашық көріністер.

3.8. Ата-аналармен (заңды өкілдермен) топтық жұмыстар жиілігі айына бір рет, жеке жұмыс жиілігі белгіленген кестеге сәйкес ата-аналардың (заңды өкілдердің) қажеттілігімен айқындалады. Ұзақтығы ата-аналарға кеңес беру 30 минутқа дейін.

3.9. Кіші топтық жұмыстар шамамен тықырыбын балабақша мамандары анықтайды, бірақ ата-аналардың сұраныстарына сәйкес өзгеруі мүмкін.

#### **4. Кеңес беру пунктте басшылық ету**

4.1. Кеңес беру пунктке жалпы басшылықты МДҰ меңгерушісі жүзеге асырады.

4.2. МДҰ меңгерушісі

- \* ата-аналармен кеңес беру жұмысын жүргізу үшін жағдай жасауды қамтамасыз етеді;
- \* кеңес беру жұмысы үшін педагогты таңдайды.

#### **5. Кеңес беру пункт қызметінің негізгі мазмұны**

5.1. Кеңес беру пунктте ата-аналарға (заңды өкілдерге) психологиялық-педагогикалық көмекті ұйымдастыру МДҰ мамандарының қызметін интеграциялау негізінде құрылады.

5.2. Ата-аналарға (заңды өкілдерге) кеңес беруді бір уақытта бір немесе бірнеше маман жүргізе алады.

5.3. Кеңес беру пунктте ата-аналарға (заңды өкілдерге) арналған кеңестер, теориялық және практикалық семинарлар ұйымдастырылуы мүмкін.

5.4. Кеңес беру қызметі келесі мәселелерді қамтамасыз ете алады:

- балалардың жас, психофизиологиялық ерекшеліктері;
- ерте жастағы балаларды тәрбиелеу және дамыту ерекшеліктері;
- балалардың физикалық, психикалық және әлеуметтік дамуындағы әртүрлі ауытқулардың алдын алу; Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың даму бұзылыстарын түзету және дамыту;
- балалардың әлеуметтенуі;
- балабақшаға барған кезде балаларды бейімдеу;
- даму бағдарламасын таңдау;
- ойын қызметін ұйымдастыру;
- балалардың тамақтануын ұйымдастыру;
- балаларды тәрбиелеу мен сауықтыру үшін жағдай жасау; білім беру ұйымдары, халықты әлеуметтік қорғау, балаға оның жеке ерекшеліктеріне сәйкес білікті көмек көрсете алатын денсаулық сақтау жүйелері туралы ақпарат беру.

Бекітемін  
 №69 «Еркем-ай» балабақшасының  
 меңгерушісі  
 М.К.Ахметова  
 «10» 01 2023ж



**Мектепке дейінгі білім берумен қамтылған ерте жастағы  
 Балалардың ата-аналарына арналған кеңес  
 беру пунктiнiң жұмыс жоспары**

<b>Тақырыбы</b>	<b>Жұмыс формалары</b>	<b>Жауаптылар</b>
"Мектепке дейінгі ұйымдарға жіберу үшін мектеп жасына дейінгі балаларды (6 жасқа дейін) кезекке қою" мемлекеттік қызметін көрсету тәртібі	Кеңес, ұсынымдар	Хатшы Д.Нұржанқызы
Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмек беру қағидалары	Кеңес, ұсынымдар	Меңгеруші М.К.Ахметова
«Отбасылық тәрбие – бала денсаулығын қалыптастырудың негізі»	Әңгімелесу кеңес беру	Әдіскер Г.Ш.Мухажанова
«Бала тілі неге кеш шығады?»	Кеңес	Педагог- логопед Г.К.Жакыпбекова
«Баланы үй жағдайында қалай емдеген жөн»	Кеңес, ұсынымдар	Медбике Б.А.Хамзина
«Өз бетінше ата-аналар баланың тілін қалай дамыта алады?»	Кеңес, жаттығулар жинағы	Педагог- логопед Д.Т.Бекежанова
«Зейін жетіспеушілігімен гипербелсенділік синдромы»	Кеңес, ұсыныс	Педагог-психолог Н.А.Жолымбетова
«Үй жағдайында балаларға арналған майтабанның алдын алу жаттығулары»	Кеңес, жаттығулар жиынтығы	Дене шынықтыру нұсқаушысы А.Н.Нуралин
«Баланың эмоционалдық дамуындағы музыканың рөлі»	Кеңес, ұсыныс	Музыка жетекшісі А.М.Сарсенбаева
Қызылшадан қалай сақтануға болады?	Кеңес	Медбике Б.А.Хамзина

Бекітемін

№69 «Еркем-ай» балабақшасының

менгерушісі

М.К. Ахметова

« 12 » 01

2023 ж.



**Консультациялық пункт жұмыс кестесі**

№	Аты-жөні	Лауазымы	Қабылдау уақыты
1	Ахметова Марал Кулькеновна	менгеруші	Дүйсенбі 09.00 – 10.00
2	Мухажанова Гулжахан Шахмурадовна	әдіскер	Сәйсенбі 10.00-11.00
3	Жолымбетова Назира Аккобановна	педагог-психолог	Сәрсенбі 14.00-15.00
4	Жакыпбекова Гулжан Куанышбековна	Педагог-логопед	Бейсенбі 14.00-15.00
5	Нұржанқызы Дина	хатшы	Бейсенбі 12.00-13.00
6	Нуралин Алмас Нагметтолаевич	Дене шынықтыру нұсқаушысы	Жұма 14.00-15.00
7	Сарсенбаева Алия Мудрусовна	Музыка жетекшісі	Жұма 12.00-12.30



БҰЙРЫҚ

«10» қаңтар 2023 ж

ПРИКАЗ

№ 6

**Консультативтік пункт ашу туралы.**

«Астана қаласының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 2023 жылғы 10 қаңтардағы №18 бұйрығын негізге ала отырып  
**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектепке дейінгі білім берудің қолжетімділігін, отбасылық және қоғамдық тәрбиенің бірлігі мен сабақтастығын қамтамасыз ету, мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелеп отырған ата-аналардың (занды өкілдердің), оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс жасау құзыреттілігін арттыру мақсатында ата-аналарға арналған консультативтік пункт 2023 жылдың 10 қаңтарынан бастап ашылсын;

2. Консультативтік пункт жұмысының жүргізілуіне жауапты болып әдіскер Мухажанова Гулжахан Шахмурадовна, педагог- психолог Жолымбетова Назира Аккобановна және хатшы Нұржанқызы Дина тағайындалсын.

3. Консультативтік пункттың жұмысы Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК-нен берілген әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүргізілсін;

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауын өзіме қалдырамын..



Мектеп

М.К.Ахметова